

STIHL®

STIHL RE 110, 120

Қолдану нұсқаулығы
Инструкция по эксплуатации



ⓀⓏ Қолдану нұсқаулығы
1 - 41

ⓇⓊⓈ Инструкция по эксплуатации
42 - 82

Мазмұны

Түпнұсқалы нұсқаулықтың
аудармасы

Хлормен ағартылған қағазда басылып шығарылған
Басып шығаратын бозулардың құрамында өсімдік майлары
бар, қағазды қайта өңдеуге болады.

© ANDREAS STIHL AG & Co. KG 2018
0458-620-4921-A_VAO K18
0000008119_006_KZ

1 Сөз басы	2	7.2 Сапты тартыңыз және итеріп кіргізіңіз	17
2 Осы Пайдалану нұсқаулығы туралы ақпарат	2	7.3 Жоғары қысымды құбыршекті орнатып, алып тастаңыз	18
2.1 Әрекет етуші құжаттама	2	7.4 Бүріккіш-тапаншаны орнатып, алып тастаңыз	18
2.2 Мәтіндегі ескертулердің таңбаламасы	3	7.5 Болат түтікті орнатып, алып тастаңыз	19
2.3 Мәтіндегі нышандар	3	7.6 Саптаманы орнатып, алып тастаңыз	20
3 Шолу	3	8 Су көзіне қосыңыз	20
3.1 Жоғары қысымды жуғыш	3	8.1 Су сүзгісін жалғаңыз	20
3.2 Бүріккіш құрылғы	4	8.2 Жоғары қысымды жуғышты сумен қамту желісіне жалғаңыз	21
3.3 Белгі	5	8.3 Жоғары қысымды жуғышты судың басқа көзіне жалғаңыз	22
4 Қауіпсіздік техникасы ережелері	5	9 Жоғары қысымды жуғышты электр желісіне қосыңыз	23
4.1 Ескерту нышандары	5	9.1 Жоғары қысымды жуғышты электр желісіне қосыңыз	23
4.2 Мақсатына сай қолдану	6	10 Жоғары қысымды жуғышты қосып, сөндіріңіз	23
4.3 Пайдаланушыларға қойылатын талаптар	6	10.1 Жоғары қысымды жуғышты қосыңыз	23
4.4 Киімдер мен жарақтандыру	7	10.2 Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз	24
4.5 Жұмыс кеңістігі және қоршаған орта	7	11 Жоғары қысымды жуғышпен жұмыс істеу	24
4.6 Қауіпсіз күй	8	11.1 Бүріккіш-тапаншаны ұстау және жүргізу	24
4.7 Жұмыстар	9	11.2 Бүріккіш-тапаншаның тұтқышына басып, бекітіңіз	25
4.8 Тазартқыш құрал	11	11.3 Тазарту	25
4.9 Суды жалғаңыз	12	11.4 Тазартқыш құралмен жұмыс істеңіз	26
4.10 Желіге қосылу	12	12 Жұмыс аяқталғаннан кейін	27
4.11 Тасымалдау	13	12.1 Жұмыс аяқталғаннан кейін	27
4.12 Сақтау шарттары	14	12.2 Жоғары қысымды жуғышты қатуға қарсы құралмен қорғаңыз	28
4.13 Тазалау, қызмет көрсету және жөндеу	14	13 Тасымалдау	29
5 Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар - Керек-жарақ	15	13.1 Жоғары қысымды жуғышты тасымалдау	29
5.1 Болат түтіктің ұзартқышы, жабын тазартқыш, құбыр тазартатын жиынтық, бүгілген болат түтік және бұрыштық саптама	15	14 Сақтау шарттары	29
6 Жоғары қысымды жуғышты пайдалану үшін дайын күйге келтіріңіз	16	14.1 Жоғары қысымды жуғышты сақтау	29
6.1 Жоғары қысымды жуғышты пайдалану үшін дайын күйге келтіріңіз	16	15 Тазарту	29
7 Жоғары қысымды жуғышты жинаңыз	16		
7.1 Жоғары қысымды жуғышты жинаңыз	16		

STIHL®

Осы қолдану нұсқаулығы авторлық құқықпен қорғалған Барлық құқықтар, әсіресе тарату, аудару және электроникалық жүйелермен өңдеу құқықтары сақталады.

15.1 Жоғары қысымды жуғыш пен керек-жарақты тазартыңыз.	29
15.2 Саптама мен болат түтікті тазарту	30
15.3 Су беруге арналған сүзгіні тазарту	30
15.4 Суға арналған сүзгіні тазартыңыз	30
16 Қызмет көрсету.	31
16.1 Техникалық қызмет көрсету кезеңділігі	31
17 Жөндеу.	31
17.1 Жоғары қысымды жуғышты жөндеу	31
18 Ақаулықтарды көтіру.	32
18.1 Жоғары қысымды жуғыштың ақауларын жою	32
18.2 Тығыздағыштарды майлау.	35
19 Техникалық сипаттамалар	35
19.1 STIHL RE 110 жоғары қысымды жуғышы	35
19.2 STIHL RE 120 жоғары қысымды жуғышы	37
19.3 Ұзартатын сымдар.	37
19.4 RE 110 дыбыс деңгейі және діріл көрсеткіші	38
19.5 RE 120 дыбыс деңгейі және діріл көрсеткіші	38
19.6 REACH	38
19.7 Белгіленген қолданыс кезеңі	38
20 Қосалқы бөлшек (жинақтаушы) және құрал-жабдықтар	38
20.1 Қосалқы бөлшек (жинақтаушы) және құрал-жабдықтар	38
21 Көдеге жарату.	39
21.1 Жоғары қысымды жуғышты көдеге жарату	39
22 ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты	39
22.1 STIHL RE 110, 120 жоғары қысымды жуғышы	39
22.2 Сәйкестік белгісі	39
23 Мекенжайлар	39
23.1 STIHL штаб-пәтері	39
23.2 STIHL еншілес кәсіпорындары.	40
23.3 STIHL өкілдіктері.	40
23.4 STIHL импорттаушылары	40

1 Сөз басы

Қымбатты сатып алушылар,

STIHL таңдағаныңыз үшін қуаныштымыз. Біз өзіміздің жоғары сапалы өнімдерімізді клиенттеріміздің қажеттіліктеріне сәйкес әзірлейміз және өндіреміз. Тіпті төтенше жүктемелердің өзінде жоғары дәрежелі сенімділікке ие өнімдер осылай жасалады.

STIHL фирмасы да қызмет көрсетудегі жоғары сапаны жақтайды. Біздің мамандандырылған дилерлеріміз білікті кеңес береді және оқытады, сондай-ақ жан-жақты техникалық қолдау көрсетеді.

Сеніміңіз үшін Сізге алғыс білдіреміз және STIHL өнімдерінен көп ләззат алуыңызды тілейміз.



Др. Nikola Stihl

МАҢЫЗДЫ! ҚОЛДАНУДЫҢ АЛДЫНДА ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ САҚТАП ҚОЙҒЫҢЫЗ.

2 Осы Пайдалану нұсқаулығы туралы ақпарат

2.1 Әрекет етуші құжаттама

Жергілікті қауіпсіздік нұсқаулары әрекет етеді.

- ▶ Осы пайдалану нұсқаулығына қосымша ретінде, келесі құжаттарды оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз:
 - Пайдалану нұсқаулығы және қолданылатын керек-жарақтың қаптамасы
 - Пайдалану нұсқаулығы және қолданылатын тазартқыш құралдардың қаптамасы

2.2 Мәтіндегі ескертулердің таңбаламасы



Қауіп

Ескерту, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге себеп болуы мүмкін қауіптілікті білдіреді.

- ▶ Аталған шаралар, күрделі жарақаттан немесе өлімнен құтылуға көмектеседі.



Сақтандыру

Ескерту, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге себеп болуы мүмкін қауіптілікті көрсетеді.

- ▶ Аталған шаралар, күрделі жарақаттан немесе өлімнен құтылуға көмектеседі.

Нұсқау

Ескерту, мүліктік нұқсан келтіруі мүмкін қауіптілікті көрсетеді.

- ▶ Аталған шаралар, мүлікке нұқсан келтіруден құтылуға көмектеседі.



2.3 Мәтіндегі нышандар



Бұл нышан осы Пайдалану нұсқаулығындағы бір тарауға қатысты болып келеді.

3 Шолу

3.1 Жоғары қысымды жуғыш



1 Жәшіктер

Жәшіктер бір жиынтықтағы саптамаларды сақтауға арналған.

2 Ұстағыш

Тұтқыш тазартқыш инелерді сақтауға арналған.

3 Жәшік

Жәшік жоғары қысымды жуғыштың құрал-жабдықтарының басқа бүріккіштерін сақтауға арналған.

4 Біріктіруші сым

Біріктіргіш кабель жоғары қысымды жуғышты розеткамен біріктіреді.

5 Штепсельді айыр

Штепсельді айыр біріктіруші сымды розеткамен біріктіреді.

6 Қысқыш

Қысқыш ширатылған біріктіргіш кабельде қуат көзі ашасын ұстап тұрады.

7 Ұстағыш

Тұтқыш біріктіруші сымды алып тастау мен сақтауға арналған және ол бұрылмалы болып табылады.

8 Клапан

Жапқыш бүріккіштерді, біріктіруші сымды және тазартқыш инелерді жабады.

9 Ұстағыш

Ұстағыш бүріккіш-тапаншаны сақтау үшін қажет.

10 Ұстағыш

Ұстағыш бүріккіш құрылғыны сақтауға арналған.

11 Бұрылатын сөндіргіш

Бұрылатын сөндіргіш жоғары қысымды жуғышты қосуға және сөндіруге арналған.

12 Штуцер

Штуцер жоғары қысымды бүріккішті жалғауға арналған.

13 Штуцер

Штуцер су құбыршегін жалғауға арналған.

14 Тасымалдау сабы

Көліктік сап жоғары қысымды жуғышты тасуға арналған.

15 Ұстағыш

Ұстағыш жоғары қысымды құбыршекті сақтауға арналған.

16 Ұстағыш


Ұстағыш тазартқыш құралдың бүріккішін сақтауға арналған.

17 Тоқтатқыш түймешік

Бұғаттау батырмасы саптың ауысуын бұғаттайды.

18 Сап

Сап жоғары қысымды жуғышты тасуға және орнын ауыстыруға арналған.

Паспорттық деректері бар фирмалық тақтайша мен сериялық нөмер**3.2 Бүріккіш құрылғы****1 Бұғаттағыш құрылғы**

Бекіткіш болат түтіктегі саптаманы ұстап тұрады.

2 Ағын түтікшесі

Болат түтік бүріккіш-тапаншаны саптамамен біріктіреді.

3 Бүріккіш-тапанша

Бүріккіш-тапанша бүріккіш құрылғыны ұстап тұруға және жүргізуге арналған.

4 Сақтандырғыш иінтірек

Бекіткіш тұтқыш тұтқышты босатады.

5 Иінтірек

Тұтқыш бүріккіш-тапаншаның қақпақшасын ашып, жабады. Тұтқыш су ағынын жіберіп, тоқтатады.

6 Тоқтатқыш иінтірек

Тоқтатқыш тұтқыш бүріккіш-тапаншадағы штуцерді ұстап тұрады.

7 Жоғары арынды шланг

Жоғары қысымды құбыршек суды жоғары қысымды сорғыдан бүріккіш-тапаншаға қарай апарады.

8 Ілініс жалғастырғышы

Муфта жоғары қысымды құбыршекті жоғары қысымды сорғымен біріктіреді.

9 Штуцер

Штуцер жоғары қысымды құбыршекті жоғары қысымды сорғымен біріктіреді.

10 Тазартқыш ине

Тазартқыш ине саптамаларды тазартуға арналған.

11 Жуғыш құралдың бүріккіші

Жуғыш құралдың бүріккіші жуғыш құралдардың көмегімен тазартуға арналған.

12 Сыйымдық

Сыйымдық тазартқыш құралды қамтиды.

13 Реттеу шығыршығы (тек қана RE 120)

Реттеу шығыршығы тазартқыш құралды мөлшерлейді.

14 Бүріккіш саптама

Бүріккіш саптама тазартқыш құралды сумен араластырады.

15 Жалпақ ағынды қондырма

Жайпақ ағынды саптама судың жайпақ ағынын өндіреді.

16 Роторлы қаптама

Роторлық саптама айналып тұратын қатты су ағынын өндіреді.

3.3 Белгі

Нышандар жоғары қысымды жуғышта, жуғыш құралдардың бүріккішінде болуы мүмкін және келесі мағынаны білдіреді:



Бекіткіш тұтқыш осы күйдегі тұтқышты босатады.



Бекіткіш тұтқыш осы күйдегі тұтқышты бұғаттайды.



Жуғыш құралдың бүріккішін тасымалдаудың алдында босатыңыз және ол төңкерілмейтіндей және жылжымайтындай етіп бекітіңіз.



Өнімді тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз.



Өнімдерінің шу түзілуі ұқсас болуы үшін, 2000/14/ЕС Директивасына сәйкес дыбыс қуаты кепілді деңгейін дБ(А) түрінде күйлеу керек.



Бұл нышандар STIHL түпнұсқалы қосалқы бөлшектері мен STIHL түпнұсқалы құрал-жабдықтарын білдіреді.

4 Қауіпсіздік техникасы ережелері**4.1 Ескерту нышандары**

Жоғары қысымды жуғыштағы ескерту нышандары келесіні білдіреді:



Қауіпсіздік техникасы ережелері мен осы шараларды ұстаныңыз.



Пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз.



Қорғаныс көзілдірігін тағыңыз.



Су ағынын адамдар мен жануарларға бағыттамаңыз.



Су ағынын электрлік қондырғыларға, электрлік қосылыстарға, розеткаларға және ток тасығыш сымдарға бағыттамаңыз.



Судың ағының электр аспаптарға және жоғары қысымды жуғышқа бағыттамаңыз.



Егер біріктіруші сым немесе ұзартатын сым бұзылған болса: Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.



Жоғары қысымды жуғышты тікелей сумен қамту жүйесіне қосуға болмайды.



Жоғары қысымды жуғышты жұмыстағы үзіліс уақытында, тасымалдау, сақтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде сөндіріңіз.



0 °C төмен температурада жоғары қысымды жуғышты қолданбаңыз, тасымалдамаңыз және сақтамаңыз.

4.2 Мақсатына сай қолдану

STIHL RE 110 немесе RE 120 жоғары қысымды жуғышы автомобильдерді, тіркемелерді, террасаларды, жолдарды және қасбеттерді тазартуға арналған.

Жоғары қысымды жуғыш өнеркәсіптік қолданысқа арналмаған.

Жоғары қысымды жуғышты жаңбыр кезінде қолдануға болмайды.

▲ Сақтандыру

- Егер жоғары қысымды жуғыш арналымы бойынша қолданылмаса, адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін және материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - Жоғары қысымды жуғышты пайдалану жөніндегі осы нұсқауда көрсетілгендей қолдану керек.

STIHL RE 110 немесе RE 120 жоғары қысымды жуғышы төмендегілер үшін қолдануға арналмаған:

- Асбест-цемент және ұқсас жабындарды тазарту
- Қорғасын қамтитын бояумен сырланған жабындар
- Азық-түлікпен жанасатын жабындарды тазарту
- Жоғары қысымды жуғыштың өзін тазарту

4.3 Пайдаланушыларға қойылатын талаптар

▲ Сақтандыру

- Нұсқама алмаған пайдаланушылар жоғары қысымды жуғыштың қаупін түсінбеуі немесе бағаламауы мүмкін. Пайдаланушы және басқа да адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.



- ▶ Пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз.

- ▶ Жоғары қысымды жуғыш басқа адамға берілетін болса: Сонымен қатар пайдалану нұсқаулығы қоса беріледі.

- ▶ Пайдаланушы келесі талаптарды қанағаттандыратынына көз жеткізіңіз:
 - Пайдаланушы шаршаған емес.
 - Пайдаланушы жоғары қысымды жуғышты физикалық тұрғыдан, сезім деңгейінде және ойлау қабілеті жағынан басқаруға және онымен жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.
 - Пайдаланушы кәмететке толған тұлға болып табылады немесе пайдаланушы мамандыққа ұлттық ережелерге сәйкес бақылаумен оқиды.
 - Пайдаланушы жоғары қысымды жуғышты алғашқы рет қолданудан бұрын, STIHL дилерінен немесе құзыретті тұлғадан нұсқама алуы тиіс.
 - Пайдаланушы алкоголь, дәрі-дәрмек немесе есірткі әсерінде емес.
- ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.4 Киімдер мен жарақтандыру

⚠ Сақтандыру

- Жұмыс істеген кезде заттар жоғары жылдамдықпен лақтырылуы мүмкін. Пайдаланушы жарақат алуы мүмкін.



- ▶ Нық жабысатын қорғаныс көзілдірігін киіңіз. Сай келетін көзілдірік EN 166 стандартына немесе ұлттық ережелерге сай тексерілген және сатылымда тиісті белгімен қол жетімді.

- ▶ Тығыз килетін ұзын жеңді сырт киім мен ұзын шалбар киіңіз.

- Жұмыс кезінде аэрозольдер туындауы мүмкін. Деммен жұтатын аэрозольдер денсаулыққа зиян келтіріп, аллергиялық реакциялардың себебі болуы мүмкін.
 - ▶ Тазарту қажет жабындарға және олардың айналасына байланысты тәуекелдерді бағалаңыз.
 - ▶ Тәуекелдерді бағалау нәтижесінде, аэрозольдердің туындайтыны анықталса, онда: FFP2 қорғаныс класындағы немесе оған ұқсас кластағы қорғағыш бетпердені қолданыңыз.
- Егер пайдаланушы сай келемейтін аяқ киімді кесе, ол тайғанауы мүмкін. Пайдаланушы жарақат алуы мүмкін.
 - ▶ Тайғанамайтын табаны бар берік жабық аяқ киімді киіңіз.

4.5 Жұмыс көңістігі және қоршаған орта

⚠ Сақтандыру

- Бөтен адамдар, балалар және жануарлар жоғары қысымды жуғыштан және жоғары жылдамдықпен айналатын заттардан төніп тұрған қауіпті байқамауы және бағаламауы мүмкін. Бөгде адамдар, балалар және жануарлар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
- ▶ Бөтен адамдар, балалар мен жануарлар жұмыс учаскесінен алшақ жерде болуы тиіс.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты қараусыз қалдырмаңыз.
- ▶ Балалардың жоғары қысымды жуғышпен ойнау алмайтындығына көз жеткізу қажет.

- Жауын-шашын кезінде немесе ылғал ортада жұмыс жасау электр тогына соғылуға әкеліп соғуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін, ал жоғары қысымды жуғыш бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Жаңбырда жұмыс істемеңіз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғыш тамшылап ағатын судың әсерінен ылғалданбас үшін, оны тиісінше орнату керек.
 - ▶ Жұмыстардың ылғалды телімінен тыс жерде жоғары қысымды жуғышты орнатыңыз.
- Жоғары қысымды жуғыштың электрлік бөлшектері ұшқын тудыруы мүмкін. Ұшқындар жеңіл тұтанатын және жарылу қаупі бар орталарда өртену және жарылу себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жеңіл тұтанатын және жарылу қаупі бар орталарда жұмыс істемеу керек.

4.6 Қауіпсіз күй

Егер келесі шарттар орындалса, жоғары қысымды жуғыш қауіпсіз күйде:

- Жоғары қысымды бұзылмаған.
- Жоғары қысымды құбыршек, муфталар мен бүріккіш құрылғы бұзылмаған.
- Жоғары қысымды құбыршек, муфталар мен бүріккіш құрылғы орнатылмаған.
- Біріктіруші сым, ұзартатын сым және штепсельді айыры зақымдалмаған.
- Жоғары қысымды жуғыш таза және құрғақ.
- Бүріккіш құрылғы таза.
- Пайдалану элементтері жұмыс істеп тұр және ешқандай өзгеріске ұшырамады.
- Осы жоғары қысымды жуғышқа арналған STIHL түпнұсқалық керек-жарақтары ғана орнатылған.
- Құрал-жабдықтар дұрыс орнатылған.

▲ Сақтандыру

- Қауіпсіз емес күйде толықтырушы бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Бұзылмаған жоғары қысымды жуғышпен жұмыс істеу.
 - ▶ Бұзылмаған жоғары қысымды құбыршекпен, муфталармен және бүріккіш құрылғымен жұмыс істеу.
 - ▶ Жоғары қысымды құбыршекті, муфталарды және бүріккіш құрылғыны пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта көрсетілгендей орнатыңыз.
 - ▶ Жұмыс істеу барысында зақымдалмаған біріктіруші сымды, ұзартатын сымды және штепсельді айырын пайдаланыңыз.
 - ▶ Егер жоғары қысымды жуғыш кір немесе дымқыл болса: Жоғары қысымды жуғышты тазартып, құрғатыңыз.
 - ▶ Егер бүріккіш құрылғы кір болса: Бүріккіш құрылғыны тазартыңыз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышқа өзгерістер енгізбеңіз.
 - ▶ Егер басқару элементтері жұмыс істемесе: Жоғары қысымды жуғышпен жұмыс істемеңіз.
 - ▶ Осы жоғары қысымды жуғышқа арналған STIHL түпнұсқалық керек-жарағын ғана орнатыңыз.
 - ▶ Құрал-жабдықтарды сипаттамаға сәйкес орнату қажет, ол осы пайдалану нұсқаулығында немесе осындай құрал-жабдықтарға арналған пайдалану нұсқаулығында бар.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғыштың тесіктеріне заттар салмаңыз.
 - ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.7 Жұмыстар

▲ Сақтандыру

- Пайдаланушы белгіленген жағдайларда жұмысқа шоғырлана алмайды. Пайдаланушы сүрініп кетуі, құлауы және ауыр жарақат алуы мүмкін.
 - ▶ Жұмысты байыпты және тиянақты түрде атқарыңыз.
 - ▶ Егер жарықтандыру шарттары және көріну дәрежесі нашар болса: Жоғары қысымды жуғышпен жұмыс істемеңіз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышты жалғыз өзі басқару.
 - ▶ Кедергілерге назар аударыңыз.
 - ▶ Еденде тұрып жұмыс істеңіз және тепе-теңдікті сақтаңыз. Егер биіктікте жұмыс істеу керек болса: Көтерілетін жұмыс алаңын немесе қауіпсіз ағаштарды пайдаланыңыз.
 - ▶ Шаршағандық белгілері болса: Жұмыс істеуде үзіліс жасаңыз.
- Егер жұмыс кезінде жоғары қысымды жуғыш өзгерсе немесе әдеттегіден тыс жұмыс істесе ол қауіпті күйде болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жұмысты аяқтап, қуат көзі ашасын розеткадан суырып, STIHL дилеріне жүгіну керек.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышты түрегеп тұрып қолдану.
 - ▶ Салқындатқыш ауаның жеткілікті алмасуын қамтамасыз ету үшін жоғары қысымды жуғышты бүркемеңіз.
- Егер бүріккіш-тапаншаның тұтқышы босатылса, жоғары қысымды сорғы автоматты түрде сөндіріледі және су саптамадан ақпайды. Жоғары қысымды жуғыш күту режимінде тұр және қосулы болып қала береді. Егер бүріккіш-тапаншаның тұтқышы басылса, жоғары

қысымды сорғы тағы да автоматты түрде қосылып, су саптамадан ағады. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.

- ▶ Егер жұмыс жүргізілмесе: Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз.



- ▶ Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғыштың қуат көзі ашасын розеткадан суырып алыңыз.
- 0°C төмен температурадағы су, тазарту қажет жоғары қысымды жуғыштың жабынында және бөлшектерінде қатып қалуы мүмкін. Пайдаланушы тайғанап кетіп, құлап, ауыр жарақат алуы мүмкін. Материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ 0 °C төмен температурада жоғары қысымды жуғышты қолданбаңыз.
- Егер жоғары қысымды құбыршекті, су құбыршегін немесе біріктіргіш кабельді тартсаңыз, жоғары қысымды жуғыш жылжып кетуі және төңкерілуі мүмкін. Материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жоғары қысымды құбыршекті, су құбыршегін немесе біріктіргіш кабельді тартпаңыз.
- Егер жоғары қысымды жуғыш көлбеу, тегіс емес немесе бекітілмеген жабында тұрса, жылжып кетуі және төңкерілуі мүмкін. Материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышты көлденең, тегіс және бекітілген жабынға орнатыңыз.
- Егер жұмыстар биіктікте орындалса, жоғары қысымды жуғыш немесе бүріккіш құрылғы төмен құлауы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Көтерілетін жұмыс алаңын немесе қауіпсіз ағаштарды пайдаланыңыз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышты көтергіш жұмыс платформасына немесе құрылыс ағаштарына орнатпаңыз.

- ▶ Егер жоғары қысымды құбыршектің ұзындығы жетпесе: Жоғары қысымды құбыршекті ұзартқышпен ұзартыңыз.
- ▶ Бүріккіш құрылғыны төмен құлаудан қауіпсіздендіріңіз.
- Судың ағыны жабыннан асбест талшығын бөлуі мүмкін. Асбест талшықтары кепкен соң ауаға таралып, тыныс алу жолдарына тиіп кетуі мүмкін. Деммен жұтатын асбест талшығы денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.
 - ▶ Асбест қамтитын жабындарды тазартпаңыз.
- Судың ағыны көлік құралдарына және тетіктеріне майды бөлуі мүмкін. Майы бар су жерге, су қоймаларына немесе канализацияға тиюі мүмкін. Қоршаған ортаға нұқсан келтіріледі.
 - ▶ Көлік құралдарын немесе тетіктерді май айырғысы бар жерлерде, суағарда тазарту қажет.
- Судың ағының қорғаныс қамтитын бояумен бірге аэрозольдерді және қорғасын қамтитын суды түзуі мүмкін. Аэрозольдер мен қорғасын қамтитын су жерге, су қоймаларына немесе канализацияға тиюі мүмкін. Деммен жұтатын аэрозольдер денсаулыққа зиян келтіріп, аллергиялық реакциялардың себебі болуы мүмкін. Қоршаған ортаға нұқсан келтіріледі.
 - ▶ Қорғасын қамтитын бояумен сырланған жабындарды тазартпаңыз.
- Судың ағыны сезімтал жабындарды бүлдіруі мүмкін. Материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Сезімтал жабындарды роторлық саптамамен тазартпаңыз.
 - ▶ Резеңке, мата, ағаш және ұқсас материалдардан жасалған сезімтал жабындарды төмен жұмыс қысымымен және ұзақ арақашықтықтан тазарту керек.
- Егер роторлық саптама жұмыс істеген кезде ластанған суға батырылып қолданылса, бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Роторлық саптаманы ластанған суда қолданбаңыз.
- ▶ Егер сыйымдық тазартылса: Сыйымдықты босатыңыз және оны тазарту барысында судың ағып шығуына мүмкіндік беріңіз.
- Сорып алынған тез жанғыш немесе жарылыс қаупі бар сұйықтықтар өртті немесе жарылысты тудыруы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Тез жанғыш немесе жарылыс қаупі бар сұйықтықтарды сорып алуға немесе үрлеуге болмайды.
- Сорып алынған тітіркендіргіш, күйдіргіш және улы сұйықтықтар денсаулыққа зиян келтіріп, жоғары қысымды жуғыштың бөлшектерін бұзуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Тітіркендіргіш, күйдіргіш немесе улы сұйықтықтарды сорып алуға немесе үрлеуге болмайды.
- Судың қатты ағыны адамдар мен жануарларды ауыр жарақаттап, материалдық залал келтіруі мүмкін.
 - ▶ Су ағынын адамдар мен жануарларға бағыттамаңыз.



- ▶ Нашар көрінетін жерлерге судың ағынын бағыттамаңыз.
- ▶ Киімді киіп жүрген кезде тазартпаңыз.
- ▶ Аяқ-киімді киіп жүрген кезде тазартпаңыз.
- Егер электрлік қондырғыларға, электрлік қосылыстарға, розеткалар мен ток тасығыш сымдарға су тиіп кетсе, бұл электр тогының соққысына әкеп соғуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.



- ▶ Су ағынын электрлік қондырғыларға, электрлік қосылыстарға, розеткаларға және ток тасығыш сымдарға бағыттамаңыз.

- ▶ Судың ағынын біріктіргіш немесе ұзартқыш кабельге бағыттамаңыз.

- Егер электр аспаптарға немесе жоғары қысымды жуғышқа су тиіп кетсе, бұл электр тогының соққысына әкеп соғуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы, сондай-ақ материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.



- ▶ Судың ағының электр аспаптарға немесе жоғары қысымды жуғышқа бағыттамаңыз.

- ▶ Электр аспаптар мен жоғары қысымды жуғышты тазарту қажет жабындардан басқа жерде ұстаңыз.

- Дұрыс емес төселген жоғары қысымды құбыршектің бұзылуы мүмкін. Бұзылудың себебінен су жоғары қысымның астында қоршаған аумаққа бақылаусыз ағуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.

- ▶ Судың ағынын жоғары қысымды құбыршекке бағыттамаңыз.

- ▶ Жоғары қысымды құбыршек керілмеуі немесе ширатылмауы үшін, оны тиісінше төсеңіз.

- ▶ Жоғары қысымды құбыршек бүлінбеуі, бүгілмеуі, тапталмауы немесе қажалмауы үшін, оны тиісінше төсеңіз.

- ▶ Жоғары қысымды құбыршекті қызып кетуден, майдан және химикаттардан қорғау.

- Дұрыс емес төселген су құбыршегінің бұзылуы мүмкін және адамдар оған сүрінуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы мүмкін және су құбыршегі бұзылуы мүмкін.

- ▶ Су ағынын су құбыршегіне бағыттамаңыз.

- ▶ Су құбыршегін адамдар сүрінбейтіндей етіп төсеу және белгілеу.

- ▶ Су құбыршегі керілмеуі немесе ширатылмауы үшін, оны тиісінше төсеңіз.

- ▶ Су құбыршегі бүлінбеуі, бүгілмеуі, тапталмауы немесе қажалмауы үшін, оны тиісінше төсеңіз.

- ▶ Су құбыршегін қызып кетуден, майдан және химикаттардан қорғау.

- Судың қатты ағыны реактивті күшті тудырады. Пайдаланушы, туындайтын реактивті күштің салдарынан, бүріккіш құрылғыға ие бола алмай қалуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы, сондай-ақ материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.

- ▶ Бүріккіш-тапаншаны екі қолыңызбен де мықтап ұстап тұрыңыз.

- ▶ Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай жұмыс істеңіз.

4.8 Тазартқыш құрал

▲ Сақтандыру

- Егер тазартқыш құрал теріге немесе көзге тиіп кетсе, онда тері немесе көз тітіркенуі мүмкін.

- ▶ Тазартқыш құралды қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын орындаңыз.

- ▶ Тазартқыш құралды тигізбеңіз.

- ▶ Егер теріге тиіп кетсе: Зақымдалған аумақтарды сабындап, судың көп мөлшерімен жуыңыз.

- ▶ Егер көзге тиіп кетсе: Көзіңізді кемінде 15 минут бойы судың көп мөлшерімен шайыңыз және дәрігерге қаралыңыз.

- Дұрыс емес тазартқыш құрал жоғары қысымды жуғышты немесе тазарту объектісінің жабынын бүлдіріп, қоршаған ортаға да зиян тигізуі мүмкін.

- ▶ Жоғары қысымды жуғыштарда қолдануға рұқсат етілген тазартқыш құралдарды қолданыңыз.

- ▶ Тазартқыш құралды қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын орындаңыз.

- ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.9 Суды жалғаңыз

▲ Сақтандыру

- Егер бүріккіш-тапаншаның тұтқышын босатса, су құбыршегінде кері соққы туындайды. Кері соққының нәтижесінде ластанған су ауыз сумен қамту желісіне артқа қарай сығып шығарылуы мүмкін. Ауыз су ластанған болуы мүмкін.



- ▶ Жоғары қысымды жуғышты тікелей сумен қамту жүйесіне қосуға болмайды.

- ▶ Жоғары қысымды жуғышты ауыз сумен қамту желісіне тиісті кері қақпақшамен бірге қосыңыз. Егер ауыз су кері қақпақша арқылы ағып өтсе, ол енді ауыз су ретінде қарастырылмайды.
- Ластанған немесе құмды су жоғары қысымды жуғыштың бөлшектерін бұзуы мүмкін.
 - ▶ Таза суды қолданыңыз.
 - ▶ Егер ластанған немесе құмды су қолданылса: жоғары қысымды жуғышты су сүзгісімен қолданыңыз.
- Егер жоғары қысымды жуғышқа тыс аз мөлшердегі су берілсе, жоғары қысымды жуғыштың бөлшектері бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Су шүмегін толығымен ашыңыз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышқа судың жеткілікті мөлшері ағып келетіндігіне көз жеткізіңіз, 19.

4.10 Желіге қосылу

Ток өткізгіш толықтырушы бөлшектермен жанасу келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:

- Біріктіруші сым немесе ұзартатын сым бұзылған:
- Біріктіруші сым немесе ұзартатын сымның штепсельді айыры зақымдалмаған.
- Розетка дұрыс орнатылмаған.

▲ Қауіп

- Ток өткізгіш толықтырушы бөлшектермен жанасу ток соғу қаупінің себебі болуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Біріктіруші сым, ұзартатын сым мен штепсельді айырдың бұзылмағанына көз жеткізіңіз.



Егер біріктіруші сым немесе ұзартатын сым бұзылған болса:

- ▶ Зақымданған учаскеге тиіп кетпеңіз.
- ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
- ▶ Біріктіруші сым, ұзартатын сыммен және желілік істікшемен жұмыс істегенде сіздің қолыңыз құрғақ болуы тиіс.
- ▶ Біріктіруші сымның немесе ұзартатын сымның желілік істікшесін дұрыс орнатылған және жерге тұйықтау түйіспесі бар розетка ұясына қосыңыз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты дифференциалды қорғаныстың автоматты сөндіргіші (30 мА, 30 мс) арқылы қосыңыз.
- Зақымдалған немесе сәйкес келмейтін ұзартатын сым электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Қолайлы көлденең қимасы бар ұзартатын сым пайдаланыңыз, 19.3.
 - ▶ Орынжайдан тыс қолдану үшін шашыраудан қорғайтын ұзартқышты қолданыңыз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғыштың біріктіргіш кабеліндей сипаттамаларға ие болып келетін ұзартқышты қолданыңыз, 19.3.

▲ Сақтандыру


- Жұмыс кезінде желінің дұрыс емес кернеуі немесе желінің дұрыс емес жиілігі жоғары қысымды жуғыштағы артық жүктемеге әкелуі мүмкін. Жоғары қысымды жуғышқа зақым келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Электр желісінің кернеуі мен жиілігі жоғары қысымды жуғыштың зауыттық тақтайшасындағы деректерге сай келетініне көз жеткізіңіз.
- Егер көп орынды розеткаға бірнеше электр аспаптар қосылса, жұмыс кезінде электрлік құрауыштар артық жүктенуі мүмкін. Электрлік құрамдастар қызып кетіп, тұтану себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышты розеткаға бөлек қосыңыз.
 - ▶ Жоғары қысымды жуғышты көп орынды розеткаға қоспаңыз.
- Дұрыс қойылмаған жалғастыру және ұзартқыш сым зақымдалуы немесе сүрінуге алып келуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы, ал біріктіруші сым немесе ұзартатын сым – бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Біріктіргіш кабельді және кабельдік ұзартқышты оларға су тимейтіндей етіп өткізіңіз.
 - ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды адамдар оған сүрінбейтіндей етіп өткізіңіз және белгілеңіз.
 - ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды олар созылмайтындай және шатаспайтындай етіп өткізіңіз.
 - ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды олар зақымданбайтындай, қысылмайтындай немесе қажалмайтындай етіп өткізіңіз.
 - ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды жылудан, май мен химиялық заттардың түсуінен қорғаңыз.
 - ▶ Біріктіруші сым және ұзартатын сымдарды құрғақ жерге орналастыру қажет.

- Жұмыс жасау кезінде ұзартатын сым қызып кетеді. Ағып кету мүмкін болмаған жағдайда, жиналып қалған жылу тұтануға алып келуі мүмкін.
 - ▶ Егер кабельді атанақ қолданылса: Кабельді атанақ толықтай тарқатылған.

4.11 Тасымалдау

▲ Сақтандыру

- Тасымалдау кезінде жоғары қысымды жуғыш төңкерілуі немесе жылжып кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз.



- ▶ Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз.

- ▶ Жоғары қысымды жуғыштың қуат көзі ашасын розеткадан суырып алыңыз.



- ▶ Жуғыш құралдың бүріккішін босатыңыз және ол төңкерілмейтіндей және жылжымайтындай етіп бекітіңіз.

- ▶ Жоғары қысымды жуғыш төңкерілмеуі немесе жылжымауы үшін, оны белдіктермен немесе тормен бекітіңіз.

- 0°C-ден төмен температурадағы су, жоғары қысымды жуғыштың бөлшектерінде қатып қалуы мүмкін. Жоғары қысымды жуғышқа зақым келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жоғары қысымды құбыршек пен бүріккіш құрылғыны босатыңыз.



- ▶ Аяздан қорғалған жоғары қысымды жуғышты тасымалдауға болмаса: Жоғары қысымды жуғышты гликоль негізіндегі қатуға қарсы құралмен қорғаңыз.

4.12 Сақтау шарттары

▲ Сақтандыру

- Балалар жоғары қысымды жуғыштың қаупін түсінбеуі немесе бағаламауы мүмкін. Балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.

► Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз.



► Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз.

► Жоғары қысымды жуғыштың қуат көзі ашасын розеткадан суырып алыңыз.

► Жоғары қысымды жуғышты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

- Жоғары қысымды жуғыштағы электрлік түйіспелер мен металл бөлшектер ылғалдылықтың себебінен тоттануы мүмкін. Жоғары қысымды жуғышқа зақым келтірілуі мүмкін.

► Жоғары қысымды жуғышты таза және құрғақ күйде сақтаңыз.

- 0°C-ден төмен температурадағы су, жоғары қысымды жуғыштың бөлшектерінде қатып қалуы мүмкін. Жоғары қысымды жуғышқа зақым келтірілуі мүмкін.

► Жоғары қысымды құбыршек пен бүріккіш құрылғыны босатыңыз.




► Аяздан қорғалған жоғары қысымды жуғышты сақтауға болмаса: Жоғары қысымды жуғышты гликоль негізіндегі қатуға қарсы құралмен қорғаңыз.

4.13 Тазалау, қызмет көрсету және жөндеу

▲ Сақтандыру

- Егер тазарту, қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде қуат көзі ашасы розеткаға енгізілсе, жоғары қысымды жуғыш кездейсоқ түрде қосылуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.

► Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз.



► Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз.

► Жоғары қысымды жуғыштың қуат көзі ашасын розеткадан суырып алыңыз.

- Күшті тазартқыш құралды, су ағынын немесе өткір заттарды қолдану жоғары қысымды жуғышты бүлдіруі мүмкін. Егер жоғары қысымды жуғышты тазаламаса, онда бөлшектері дұрыс жұмыс істемеуі және сақтандыратын құрылғыны істен шығаруы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы мүмкін.

► Жоғары қысымды жуғышты осы нұсқауда көрсетілгендей тазарту керек.

- Егер жоғары қысымды жуғышқа дұрыс емес қызмет көрсетілсе немесе жөнделсе, онда бөлшектері дұрыс жұмыс істемеуі және сақтандыратын құрылғыны істен шығаруы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.

► Жоғары қысымды жуғышқа өз бетінше қызмет көрсетуге немесе жөндеуге болмайды.

► Егер біріктіруші сым жарамсыз немесе бұзылған болса: STIHL мамандандырылған дилерінің сымды ауыстыруын жүргізуді қамтамасыз етіңіз.

► Егер жоғары қысымды жуғышқа техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жүргізу керек болса: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

5 Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар - Керек-жарақ

5.1 Болат түтіктің ұзартқышы, жабын тазартқыш, құбыр тазартатын жиынтық, бүгілген болат түтік және бұрыштық саптама

Ағын түтікшесінің ұзартқышы

▲ Сақтандыру

- Болат түтіктің ұзартқышы реактивті күштерді күшейтеді. Пайдаланушы, туындайтын реактивті күштің салдарынан, бүріккіш құрылғыға ие бола алмай қалуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы, сондай-ақ материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Болат түтіктің ұзартқышын ғана орнатыңыз.
 - ▶ Бүріккіш-тапаншаны екі қолыңызбен де мықтап ұстап тұрыңыз.
 - ▶ Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай жұмыс істеңіз.

Жабын тазартқыш

▲ Сақтандыру

- Су ағыны пайдаланушыны жарақаттауы мүмкін.
 - ▶ Жабын тазартқышы астынан ұстамаңыз.
- ▶ Жабын тазартқышты ұстау және жүргізу тәсілі пайдалану нұсқаулығында сипатталған.




Құбыр тазартатын жиынтық

▲ Сақтандыру

- Құбыр тазартатын құбыршек реактивті күштерді күшейтеді. Бүріккіш-тапаншаның тұтқышы басулы тұрса, ал құбыр тазартатын құбыршек құбырдан тыс

жерде болса, онда құбыршек айнала бойынша бақылаусыз соғылуы мүмкін. Пайдаланушы түтіктерді тазартуға арналған құбыршекке ие бола алмай қалуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы, сондай-ақ материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.



- ▶ Алдымен жоғары қысымды жуғышты қосыңыз, ал құбыр тазартатын құбыршек құбырдың ішіне таңбаға (1) дейін енгізілген кезде, бүріккіш-тапаншаның тұтқышын басыңыз.
- ▶ Құбыр тазартатын құбыршекті сыртқа қарай тартып шығарғанда, ондағы таңба көріне бастаған кезде:
 - Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын босатыңыз
 - Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз
 - Су құбыры шүмегін жабыңыз
 - Бүріккіш-тапаншаны іске қосыңыз: Су қысымы бастапқы күйге келтіріледі
 - Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз
- Үлкен құбырдың ішінде құбыр тазартатын құбыршек бағытты өзгертіп, құбырдың тесігінен қайтадан шығып кетуі мүмкін. Пайдаланушы түтіктерді тазартуға

арналған құбыршекке ие бола алмай қалуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы, сондай-ақ материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.

- ▶ Құбырды байқап тұрыңыз.
- ▶ Құбыр тазартатын құбыршектің саптамасы құбырдан шығып тұрса:
 - Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын босатыңыз
 - Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз
 - Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз

Бүгілген болат түтік және бұрыштық саптама

▲ Сақтандыру

- Бүгілген болат түтік және бұрыштық саптама бүйірлік реактивті күштерді күшейтеді. Пайдаланушы, туындайтын реактивті күштің салдарынан, бүріккіш құрылғыға ие бола алмай қалуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы, сондай-ақ материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Болат түтіктің ұзартқышын ғана орнатыңыз.
 - ▶ Бүріккіш-тапаншаны екі қолыңызбен де мықтап ұстап тұрыңыз.

6 Жоғары қысымды жуғышты пайдалану үшін дайын күйге келтіріңіз

6.1 Жоғары қысымды жуғышты пайдалану үшін дайын күйге келтіріңіз

Жұмыстарды бастамас бұрын келесі қадамдарды орындау керек:


- ▶ Жоғары қысымды жуғыш, жоғары қысымды құбыршек, құбыршектің құбыршекті муфтасы мен біріктіргіш кабельдің қауіпсіз күйде екендігіне көз жеткізіңіз,  4.6.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты тазартыңыз,  15.

- ▶ Егер су сүзгісі қолданылса және ол бітеліп қалса: Суға арналған сүзгіні тазартыңыз,  15.4.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты сырғанау немесе төңкерілу қаупі жоқ берік және тегіс негізге орнатыңыз.
- ▶ Жоғары арынды шлангты орнату,  7.3.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаны орнатыңыз,  7.4.
- ▶ Болат түтікті орнатыңыз,  7.5.
- ▶ Қондырманы монтаждау,  7.6.
- ▶ Егер тазартқыш құрал қолданылса: Тазартқыш құралмен жұмыс істеңіз,  11.4.
- ▶ Егер керек-жарақтар қолданылса: Керек-жарақтарды орнатыңыз,  5.1.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты су көзіне жалғаңыз,  8.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты электр желісіне қосыңыз,  9.1.
- ▶ Егер келесі қадамдарды орындау мүмкін болмаса: Жоғары қысымды жуғышты қолданбай, STIHL дилерімен хабарласыңыз.

7 Жоғары қысымды жуғышты жинаңыз

7.1 Жоғары қысымды жуғышты жинаңыз


Сапты орнатыңыз



- ▶ Сапты (1) телескоптық бағыттаушыларына (2) жылжытыңыз.


- ▶ Бұрандалы төлкелерді (3) сап (1) арқылы телескоптық бағыттаушыларына (2) жылжытыңыз.
- ▶ Бұрамаларды (4) бұрандалы төлкелерге (3) бұраңыз және берік тартыңыз.

Тұтқышты орнату




- ▶ Тұтқышты (1) сапқа (2) жабыңыз.
- ▶ Бұрамаларды (3) сапқа (2) бұраңыз және берік тартыңыз.

Жуғыш құралдың бүріккішін алып тастаңыз



- ▶ Жуғыш құралдың бүріккішін (1) орнатыңыз.


Бүріккіштерді және тазартқыш инені салыңыз



- ▶ Жапқышты (1) ашыңыз.
- ▶ Жайпақ ағынды (2) және роторлық (3) саптамаларды орнатыңыз.
- ▶ Тазартқыш инені (4) салыңыз.


7.2 Сапты тартыңыз және итеріп кіргізіңіз

7.2.1 Сапты тартып шығарыңыз



- ▶ Бұғаттау батырмасын (1) басыңыз және сапты (2) тартып шығарыңыз.
- ▶ Бұғаттау батырмасын (1) жіберіңіз және бекіту дыбысы шыққанынша сапты (2) тартып шығарыңыз.


7.2.2 Сапты жабыңыз



- Бұғаттау батырмасын (1) басыңыз және сапты (2) жабыңыз.
- Бұғаттау батырмасын (1) жіберіңіз және бекіту дыбысы шыққанынша сапты (2) жабыңыз.


7.3 Жоғары қысымды құбыршекті орнатып, алып тастаңыз

7.3.1 Жоғары арынды шлангты орнату



- Муфты (1) штуцерге (2) итеріңіз. Муфты (1) бекіткен кезде тиісті дыбыс естіледі.
- Егер муфта (1) штуцерге әрең кіргізілсе: Штуцердің (2) тығыздағышын арматуралық жағармаймен майлаңыз.

7.3.2 Жоғары арынды шлангты демонтаждау




- Жалғастырғышты алып тастаңыз (1).

7.4 Бүріккіш-тапаншаны орнатып, алып тастаңыз


7.4.1 Бүріккіш-тапаншаны орнатыңыз

RE 110



- Штуцерді (1) бүріккіш-тапаншаға (2) енгізіңіз. Штуцерді (1) бекіткен кезде сарт еткен дыбыс естіледі.
- Штуцер (1) бүріккіш-тапаншаға (2) әрең кірсе: Штуцердің (1) тығыздағышын арматуралық жағармаймен майлаңыз.


RE 120



- ▶ Штуцерді (1) бүріккіш-тапаншаға (2) енгізіңіз. Штуцерді (1) бекіткен кезде сарт еткен дыбыс естіледі.
- ▶ Штуцер (1) бүріккіш-тапаншаға (2) әрең кірсе: Штуцердің (1) тығыздағышын арматуралық жағармаймен майлаңыз.


7.4.2 Бүріккіш-тапаншаны алып тастаңыз

RE 110



- ▶ Бекіткіш тұтқышты (1) басып, ұстап тұрыңыз.
- ▶ Штуцерді (2) алып тастаңыз.


RE 120



- ▶ Бекіткіш тұтқышты (1) басып, ұстап тұрыңыз.
- ▶ Штуцерді (2) алып тастаңыз.


7.5 Болат түтікті орнатып, алып тастаңыз

7.5.1 Болат түтікті орнатыңыз



- ▶ Болат түтікті (1) бүріккіш-тапаншаға (2) енгізіңіз.
- ▶ Болат түтікті (1) бекітілгенше бұрай беріңіз.
- ▶ Болат түтік (1) бүріккіш-тапаншаға (2) әрең кірсе: Болат түтіктің (1) тығыздағышын арматуралық жағармаймен майлаңыз.


7.5.2 Ағын түтікшесін демонтаждау



- ▶ Болат түтік (1) пен бүріккіш-тапаншаны (2) бірге жаншып, тірелгенге дейін бұраңыз.
- ▶ Болат түтік (1) пен бүріккіш-тапаншаны (2) ажыратыңыз.


7.6 Саптаманы орнатып, алып тастаңыз

7.6.1 Қондырманы монтаждау



- ▶ Жайпақ ағынды саптама орнатылған болса: Саптаманы (1), оның тұмсық бөлігі (2) қуыспен (3) бірге болат түтікпен (4) ортақ білікті болатындай орнатыңыз.
- ▶ Саптаманы (1) болат түтікке (4) енгізіңіз. Саптаманы (1) бекіткен кезде тиісті дыбыс естіледі.
- ▶ Саптама (1) болат түтікке (4) әрең орнатылса: Саптамадағы (1) тығыздағышты арматуралық жағармаймен майлаңыз.

7.6.2 Қондырманы демонтаждау




- ▶ Бекіткішті (1) басып, ұстап тұрыңыз.
- ▶ Саптаманы (2) алып тастаңыз.

8 Су көзіне қосыңыз

8.1 Су сүзгісін жалғаңыз

Егер жоғары қысымды жуғыш құмды сумен немесе цистерналардағы сумен қолданылса, су шүмегі мен су құбыршегінің арасында су сүзгісі қосылуы тиіс. Су сүзгісі судағы құм мен ластануларды сүзгілейді, осылайша жоғары қысымды жуғыштың бөлшектерін бұзылудан қорғайды.

Өткізу нарығына қарай, жоғары қысымды жуғышқа су сүзгісі қоса берілуі мүмкін.




- ▶ Су шүмегіндегі (2) штуцерді (1) бұрап алыңыз.
- ▶ Су шүмегіндегі (2) су сүзгісін (3) бұрап, қолмен мықтап бекітіңіз.
- ▶ Су шүмегіндегі (3) штуцерді (1) бұрап, қолмен мықтап бекітіңіз.
- ▶ Су құбыршегінің (5) муфтасын (4) штуцерге (1) орнатыңыз.

8.2 Жоғары қысымды жуғышты сумен қамту желісіне жалғаңыз

Су құбыры шүмегін қосыңыз


Су құбыршегі келесі шарттарға сай келуі тиіс:

- Су құбыршегінің диаметрі 1/2“.
- Су құбыршегінің ұзындығы 10 м-ден 25 м-ге дейін.
- ▶ Су құбыршегін су шүмегіне жалғаңыз.
- ▶ Су шүмегін толығымен ашып, су құбыршегін сумен толтырыңыз.
Құм мен кір құбыршектен шайылады. Су құбыршегінен ауа шығады.
- ▶ Су құбыры шүмегін жабыңыз.



- ▶ Муфтаны (1) штуцерге (2) итеріңіз.
Муфтаны (1) бекіткен кезде тиісті дыбыс естіледі.
- ▶ Су шүмегін толығымен ашыңыз.
- ▶ Егер болат түтік бүріккіш-тапаншаға орнатылса: Ағын түтікшесін демонтаждау.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын, бүріккіш-тапаншадан судың біркелкі ағыны ағып шықпайынша, баса беріңіз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын босатыңыз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз.
- ▶ Болат түтікті орнатыңыз.
- ▶ Қондырманы монтаждау.


Су құбыршегін алып тастаңыз



- ▶ Су құбыры шүмегін жабыңыз.
- ▶ Муфтаны бұғаттан босату: Сақинаны (1) тартып алыңыз немесе бұраңыз және ұстап тұрыңыз.
- ▶ Муфтаны штуцерден (2) алып тастаңыз.

8.3 Жоғары қысымды жуғышты судың басқа көзіне жалғаңыз

Жоғары қысымды жуғыш жаңбыр суына арналған сыйымдықтардан, цистерналардан және басқа да ақпа немесе тоспа су қоймаларынан суды сіңіруі мүмкін.



Су сіңірілуі үшін, жоғары қысымды жуғыш пен су көзі арасындағы биіктіктің айырмасы ең жоғары сіңіру биіктігінен (а) аспауы тиіс, 19.


Қолайлы STIHL сорып лу жиынтығы қолданылуы тиіс. Сорып алу жиынтығына арнайы муфтасы бар су құбыршегі қоса беріледі.

Өткізу нарығына қарай, жоғары қысымды жуғышқа STIHL сорып алу жиынтығы қоса берілуі мүмкін.

Су сүзгісін жалғаңыз


Жоғары қысымды жуғыш жаңбыр суына арналған сыйымдықтардан, цистерналардан, ақпа немесе тоспа су қоймаларынан алынған құм қамтитын сумен бірге қолданылса, онда су құбыршегі мен жоғары қысымды жуғыштың арасына су сүзгісі жалғануы тиіс.

Өткізу нарығына қарай, жоғары қысымды жуғышқа су сүзгісі қоса берілуі мүмкін.



- ▶ Штуцерді (1) бұрап алыңыз.
- ▶ Штуцердегі (3) су сүзгісін (2) бұрап, қолмен мықтап бекітіңіз.

Су құбыры шүмегін қосыңыз




- ▶ Құбыршекте ауа болмайтындай етіп су құбыршегін (1) сумен толтырыңыз.
- ▶ Су сүзгісінің (3) жалғайтын штуцеріне муфтаны (2) бұрап, қолмен мықтап бекітіңіз.
- ▶ Су көзіндегі сіңіргіш қоңырауды (4), қоңырау (4) түбіне тақалмайтындай іліп қойыңыз.
- ▶ Егер бүріккіш-тапанша жоғары қысымды құбыршекке орнатылса: Бүріккіш-тапаншаны алып тастаңыз.
- ▶ Жоғары қысымды құбыршекті төмен қарай бағыттап ұстаңыз.


- ▶ Жоғары қысымды құбыршектен судың біркелкі ағыны ағып шықпайынша, жоғары қысымды жуғышты қосыңыз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты сөндіріңіз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаны жоғары қысымды құбыршекке орнатыңыз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын басып тұрыңыз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты қосыңыз.

9 Жоғары қысымды жуғышты электр желісіне қосыңыз

9.1 Жоғары қысымды жуғышты электр желісіне қосыңыз



- ▶ Бұрылатын сөндіргішті (1) 0 күйіне орнатыңыз.
- ▶ Жапқышты (2) ашыңыз.
- ▶ Тұтқышты (3) төмен қарай бұраңыз.
- ▶ Біріктіруші сымды (4) алып тастаңыз.




- ▶ Біріктіруші сымды (4) қуысқа салыңыз.
- ▶ Жапқышты (2) жабыңыз.
- ▶ Жалғастырғыш кабельдің қуат көзі ашасын (4) дұрыс орнатылған розеткаға салыңыз.

10 Жоғары қысымды жуғышты қосып, сөндіріңіз


10.1 Жоғары қысымды жуғышты қосыңыз

Жоғары қысымды жуғыш қосылып тұрса, электр желісінде жағымсыз жағдайлар туындаған кезде, желі кедергісі 0,15 Омнан асатын кернеу ауытқуы мүмкін. Кернеудің ауытқулары басқа қосылған тұтынушыларға кері әсерін тигізуі мүмкін.



- ▶ Бұрылатын сөндіргішті I күйіне орнатыңыз.


10.2 Жоғары қысымды жуғышты сәндіріңіз



- Бұрылатын сәндіргішті 0 күйіне орнатыңыз.

11 Жоғары қысымды жуғышпен жұмыс істеу


11.1 Бүріккіш-тапаншаны ұстау және жүргізу



- Бүріккіш-тапаншаны бір қолмен мықтап ұстап тұру үшін тұтқышты бас бармақпен қысып тұрыңыз.
- Болат түтікті екінші қолмен мықтап ұстап тұру үшін оны бас бармақпен қысып тұрыңыз.
- Қондырманы жерге бағыттаңыз.


11.2 Бүріккіш-тапаншаның тұтқышына басып, бекітіңіз

Бүріккіш-тапаншаның тұтқышына басыңыз



- ▶ Бекіткіш тұтқыштың (1) күйін күйіне ауыстырыңыз.
- ▶ Тұтқышты (2) басып, ұстап тұрыңыз. Жоғары қысымды сорғы автоматты түрде қосылады және су саптамадан ағады.

Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз



- ▶ Тұтқышты (2) босатыңыз. Жоғары қысымды сорғы автоматты түрде сөнеді, енді су саптамадан ақпайды. Жоғары қысымды жуғыш қосулы тұрады.
- ▶ Бекіткіш тұтқыштың (1) күйін күйіне ауыстырыңыз.

11.3 Тазарту


Қолданылуына байланысты келесі саптамалармен жұмыс істеуге болады:

- Жалпақ ағынды қондырма: Жайпақ ағынды саптама үлкен жабындарды тазартуға жарамды.
- Роторлы қаптама: Роторлық саптама кетпейтін ластануларды жоюға жарамды.

Егер кетпейтін ластануларды жою керек болса қысқа арақашықтықта жұмыс істеуге болады.

Егер келесі жабындарды тазарту керек болса ұзақ арақашықтықта жұмыс істеуге болады:

- боялған жабындар
- Сүректен жасалған жабындар
- Резеңкеден жасалған жабындар




Жайпақ ағынды саптаманы теңшеуге болады.

Егер жайпақ ағынды саптама + бағытында бұралса, жұмыс қысымы көтеріледі.

Егер жайпақ ағынды саптама - бағытында бұралса, жұмыс қысымы төмендейді.

- ▶ Тазартудың алдында, су ағынын жабындағы көрінбейтін жерге апарып, жабынның бүлінбейтінін тексеріңіз.
- ▶ Тазартылатын жабын бүлінбеуі үшін, саптаманың тазартылатын жабынға дейінгі арақашықтығын дұрыс таңдаңыз.

- ▶ Жайпақ ағынды саптаманы, тазартылатын жабын бүлінбейтіндей етіп теңшеңіз.




- ▶ Бүріккіш құрылғыны тазартылатын жабынның бойымен біркелкі жүргізіңіз.
- ▶ Алға қарай баяу және сақ түрде жүріңіз.

11.4 Тазартқыш құралмен жұмыс істеңіз


Тазартқыш құралдар судың жуғыш әсерін күшейтуі мүмкін. Бір жиынтықтағы STIHL жуғыш құралының бүріккішін қолдану керек.

RE 110




- ▶ Тазартқыш құралды мөлшерлеу және қолдану тәсілі пайдалану нұсқаулығында сипатталған.
- ▶ Сыйымдықты (1) ең көбі 500 мл-лік тазартқыш құралмен толтырыңыз.

- ▶ Бүріккіш саптаманы (2) сыйымдыққа (1) бұрап, қолмен бекітіңіз.




- ▶ Саптама болат түтікке (3) орнатылса: Қондырманы демонтаждау.
- ▶ Жуғыш құралдың бүріккішін (4) болат түтікке (3) орнатыңыз.
- ▶ Қатты ластанған қабаттарды тазартар алдында сулап алыңыз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышына басып, тазартқыш құралды тазартылатын жабынға бүріккіңіз.
- ▶ Тазартқыш құралдарды төменнен жоғарға қарай жағыңыз және кептірмеңіз.
- ▶ Жуғыш құралдың бүріккішін алып тастаңыз.
- ▶ Қондырманы монтаждау.
- ▶ Жабынды тазарту.

RE 120



- ▶ Тазартқыш құралды мөлшерлеу және қолдану тәсілі пайдалану нұсқаулығында сипатталған.
- ▶ Сыйымдықты (1) ең көбі 500 мл-лік тазартқыш құралмен толтырыңыз.
- ▶ Бүріккіш саптаманы (2) сыйымдыққа (1) бұрап, қолмен бекітіңіз.




- ▶ Саптама болат түтікке (3) орнатылса: Қондырманы демонтаждау.
- ▶ Жуғыш құралдың бүріккішін (4) болат түтікке (3) орнатыңыз.
- ▶ Реттеу шығыршығын (5) қажет болған мөлшерлеуді теңшеу үшін бұраңыз.
 - ▶ Реттеу шығыршығын + бағытта бұраңыз: Тазартқыш құралдың араластырылуы ұлғаяды.
 - ▶ Реттеу шығыршығын - бағытта бұраңыз: Тазартқыш құралдың араластырылуы төмендейді.
- ▶ Қатты ластанған қабаттарды тазартар алдында сулап алыңыз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышына басып, тазартқыш құралды тазартылатын жабынға бүркіңіз.
- ▶ Тазартқыш құралдарды төменнен жоғарға қарай жағыңыз және кептірмеңіз.
- ▶ Жуғыш құралдың бүріккішін алып тастаңыз.
- ▶ Қондырманы монтаждау.
- ▶ Жабынды тазарту.


12 Жұмыс аяқталғаннан кейін

12.1 Жұмыс аяқталғаннан кейін


- ▶ Жоғары қысымды жуғышты сөндіріп, қуат көзі ашасын розеткадан суырып алыңыз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғыш сумен қамту желісіне жалғанса: Су құбыры шүмегін жабыңыз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышына басыңыз. Су қысымы бастапқы күйге келтіріледі.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаның тұтқышын бекітіңіз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты су көзінен ажыратыңыз.
- ▶ Су құбыршегін алып тастаңыз.
- ▶ Жоғары қысымды құбыршекті алып тастап, жоғары қысымды құбыршектегі қалған суды төгіңіз.
- ▶ Саптама мен болат түтікті алып тастап, тазартыңыз.
- ▶ Бүріккіш-тапаншаны алып тастап, қалдық суды төгіңіз.
- ▶ Жоғары қысымды жуғышты тазартыңыз.




- ▶ Тұтқышты (1) жоғары қарай бұраңыз.
- ▶ Біріктіргіш кабельді (2) ұстағыштарға (1) ширатыңыз.
- ▶ Біріктіргіш кабельді (2) қысқышпен (3) бекітіңіз.
- ▶ Жайпақ ағынды (4) немесе роторлық (5) саптамаларды орнатыңыз.



- Жуғыш құралдың бүріккішін (6) орнатыңыз.



- Жоғары қысымды құбыршекті (7) ширатып, ұстағышқа (8) іліп қойыңыз.



- Бүріккіш құрылғыны жоғары қысымды жуғыштардың ұстағыштарында (9) сақтаңыз.

12.2 Жоғары қысымды жуғышты қатуға қарсы құралмен қорғаңыз


